



изомерлеудің келесі түрлері өтеді (цифрлармен салыстырмалы жылдамдықтары белгіленген):




Демек, реакция өнімдерінің реттелуі, соның ішінде изомерленуі температурадан басқа катализатордың активтілігіне де тәуелді болу керек. Мүмкін, катализатордағы қышқылдың күшін өзгертіп, талғамдылыққа әсер етуге болады. Қатты катализаторларды қолданғанда бұл өте маңызды, олардың қышқылдық күштері әр түрлі өңдеу тәсілдермен жеңіл өзгереді.

*Гидрид-ионды бимолекулалық тасымалдау (үзу) реакциясын* төмендегідей бейнелеуге болады:



Көмірсутек молекуласынан гидрид-ионды үзу реакциясында карбокатионның активтілігі мына қатарда азаяды:



Реакцияның мұндай түрінің мәні катализатордың бетінде алғашқы карбений ионы шыға бастағаннан кейін тізбекті процестің дамуына негізделген. Гидридті тасымалдау реакциясы өте жылдам, ал құрылысы нормалды барлық алкандарға екіншілікті сутекті үшіншілікті карбений ионымен үзу жылдамдығы бірдей екендігі анықталған. Үшіншілік-үшіншілікті гидридті тасымалдау, екіншілік-үшіншіліктен, ал ол өзара біріншілік-екіншіліктен жылдам өтеді, яғни гидрид-ионды үзу жылдамдығына алынатын ионды тұрақтандыруға үлес қосушы көршілес топтар әсер етеді.

Алкилароматтық көмірсутектерді крекингтегенде маңызды рөл атқаратын диспропорциялау реакциясы *алкиланиондарды бимолекулалық тасымалдау (үзу) реакциясына* мысал болып